

Есіл ауданы бойынша жер салығының мөлшерлемелерін арттыру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 31 мамырдағы № 29/154 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 11 маусымда № 4755 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің (әрі қарай - Кодекс) 509-бабының 5-тармағына, 510-бабының 1-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 19.05.2020 № 50/323 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 12.07.2022 № 21/238 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 19.05.2020 № 50/323 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Есіл ауданы бойынша жер салығының мөлшерлемелері Кодекстің 505, және 506-баптарымен белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелерінен елу пайызына арттырылсын.

Осы тармақтың ережелері Кодекстің 509 бабында көрсетілген жер учаскелеріне қолданылмайды.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 31.03.2021 № 4/27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілетін 3 тармақты қоспағанда, алғашқы рет ресми жарияланған күнінен соң он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихатының
сессия төрағасы

Қ.Әбілғазин

Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихатының
хатшысы

А.Бектасова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК